беріңізші деген сөзді жиі естуге болады. Оның нәтижесі Жанатбек алған көптеген Мақтау қағаз, дипломдар, тіпті тұтынушылар атынан келген Алғысхаттар, басшы мен осындағы жұмыс істейтін еңбеккерлердің абыройын асқақтатып, мерейін асыруда.

Мұның сыртында "Жылдың үздік кәсіпкері", "Алматы облысының үздік тауарлар мен көрсетілген қызметтері", байқауларында сапа көрсеткіштері бойынша мақтаулар алған. Тағы бір қуантарлық жай, Жанатбек Сарғалдақов өзінің өмірі мен қызметін көрсететін Қазақстан Республикасының Қазақстанның үздік адамдары энциклопедиясына, даңқ галереясы бөліміне шықты.

Түрлі уақытылы өткізіліп тұратын қайырымдылық акцияларына да үнемі қатысып келеді.

Өнеркәсіп аумағы да жыл өткен сайын ұлғайып, кеңейе түсуде. Бұрындары Талдықорған қаласының облыстық аурухана аймағында орналасқан "Колос" гастрономы да иесіздіктің күйін кешкен еді. Жанатбек соны сатып алды. Қазір ұзындығы атшаптырым осы дүкеннің іші аралас тауарлар мен азық-түлікке сыймай тұр. Осы төңіректегі халық сауда үйінің қызметіне дән риза. Мұның да аты "Сәнжар". Бұл дүкенде азық-түліктің сандаған түрімен қатар, кулинарлық цех өнімді жұмыс істеп келеді. Цехта әртүрлі тоқаш түрлері шығарылады. Дәмділігі жағынан стандартқа сай, сапа менеджменті жүйесінің сертификатын алған. Мұндай өнім түрі Қарабұлақтағы "Сәнжар - 1" кулинарлық цехында да өндіріледі.

Өнімді тек Талдықорған мен Ескелді ауданының тұрғындары ғана емес, облыстың басқа да елді мекендері тұтына алады. Дайын өнімдерді тасымалдау үшін Жанатбек арнайы жабдықталған термобудкалы бес автомашина сатып алды. Сол көліктер тауарды күн сайын тиісті жерге уақтымен жеткізіп тұрады.

Жанаттың келешекке де бағдарламасы айқын. Ол - өндіріс аумағын кеңейту. Мәселен, Қарабұлақ кентінің шет аймақтарында күнделікті тұрмысқа қажетті тауарлар сатылатын дүкендер жоқ. Жергілікті тұрғындар тіпті нан-шай алу үшін орталыққа келуі керек. Осыны ескеріп, кәсіпкер азамат биыл екі дүкен, жаңа технологиялы наубайхана ашпақшы. Ол үшін жерін алып, сәулеттік құжаттарын дайындап қойды. Жер қарайысымен құрылыс жұмысын бастап та кетпек. Қашанда қарбалас тірліктен қолы босамайтын азамат: "Ел қамын ойлау үшін Елбасы болу міндет емес", - дейді.

Жанатбек Сарғалдақов басқаратын жеке кәсіпкерлікте 50-60 адам жұмыспен қамтылған. Шетелден алынған қолданыстағы қондырғылар мен техникалар тетігін меңгеріп, жұмыстарын дөңгелетіп алып жүрген қыз-жігіттер нағыз өз істерінің шеберлері. Айлық еңбекақылары да жаман емес. Әрқайсысы еңбегіне қарай 20 мыңнан 80 мың теңгеге дейін алады.

- Елбасымыздың халыққа Жолдауын мұқият оқып шықтым. Ең бастысы бұл құжатта еліміздің бүгінгі қол жеткен табыстарына тоқмейілсімей, индустриалды-инновациялық жолмен даму жобасын одан әрі жүргізу жан-жақты айтылған. Әсіресе, ауыл шаруашылығы оның ішінде мал шаруашылығын дамытуға ерекше мән бергендігі қуантады, - дейді Жанатбек.

Мұны айтуының себебі де жоқ емес. Кәсіпкер сауда саласымен қатар, мал шаруашылығын өрістетуге де құлшына кіріскен. Қазірдің өзінде мыңға тарта қой, 150 бас мүйізді ірі қара, 40-50 бас жылқысы бар. Жылма-жыл өз төлі есебінен көбейіп келе жатқан тұяқты малға жайлы қоныс керек емес пе? Жәкең оны да шешкен. Баршаға белгілі Дауылбай тауы бұрындары Ескелді ауданының жері болатын. Өткен ғасырдың елуінші жылдары таудың етегі қалың малға толы болушы еді. Бергі жағында жағалауын қамыс пен қоға көмкерген Сарыкөлі мөлдіреп, үйрек-қазы қаңқылдап жататын. Жіңішке деген өзені ағып Сарыкөлге құятын. Бүгінде Сарыкөл тартылған. Құс атаулы сиреген. Кейініректе осы Дауылбай өңірін Қаратал ауданына беріпті.

Жанатбек жарғақ құлағы жастыққа тимей жүріп, 800 гектар жер алып, қолда бар малын қысы-жазы осында үстап отыр. Мұның сыртында 20 гектар суармалы жеріне жоңышқа егіп, оны кемінде үш рет шауып алады. Әрине тұяқты малға бұл да аздық етеді. Алты ай қыста қорада тұратын малға тонналап азық дайындау керек. Текелінің тауынан, Керімбектің сайынан алпыс гектар шабындық алып, шөп дайындайды. Сөз реті келгенде айта кетейік, Керімбек 1916 жылға дейін болыс болған адам. Халқының қамын ойлаған, кесімді шешім айтқан, жұртты аузына қаратқан, кезінде мекені картаға түскен тарихта белгілі адам. Мына біз әңгімелеп отырған кәсіпкерімізге сол Керімбек болыстың қоныстанған мекені бұйырыпты.

Қысқа жеткілікті ірі собықты шөп дайындау үшін екі МТЗ тракторлары, ГАЗ-53 автомаши-насы жұмысқа қосылған. Бұдан басқа шөп шабатын шалғыдан бастап, оны тайлап буатын пресске дейінгі құралдың бәрі бар. Нәтижесінде қыс пен көктемге жететін мал азығы дайындалады. Қыстан қысылмайды. Малшылар үшін де жағдай жасалынған. Дауылбайда бес бөлмелі стандартты екі үй тұрғызылған. Салынған қора жылы. Ұқыптылық пен талғам назарға түседі. Бұдан төрт түлік өсіріп, атакәсіпті алға апаруға құлшынғандары байқалып тұр.

- Алдағы мақсат малды асылдандыру ісін қолға алу, - дейді кәсіпкер. – Қазір оның алғы шарттары жасалуда. Бұйырса, оны да көп ұзамай іске асырамыз. Етсүт өзімізден. Табысы да жоқ емес. Ілгеріде өзіңізге айтқан кулинарлық цехтардан шығарылатын тұшпара, самса, манты т.б жасалатын тағамдарға етті өзіміз дайындаймыз.

Сәбит БИБОЛОВ,
ҚР Мәдениет қайраткері,
Ескелді ауданы.

Мақала беттеліп жатқанда кәсіпкер Жанатбек Сарғалдақовқа «За честь, доблесть и достоинство» номинациясы бойынша Ұлыбританияның ханшайымы «Виктория» орденімен марапатталғандығы туралы қуанышты хабар жетті. Құттықтаймыз!

СӨЗ ТҮЙІНІ:

Пенде баласы өзінің аз ғана ғұмырын мәнді де сәнді өткізуге тырысып, халқына ізгілік сыйлай алса, бұл оның адамгершілігінің өлшемі емес пе? Біз сөз еткен кәсіпкер Жанатбек Сарғалдақов та ел жүгін көтеруде қажырлылық пен қайраттылық танытып, қазақ кәсіпкерінің алымдылығын көрсетіп, өз биігіне көтеріле беретініне сенім мол.

Жаңа қойылым – жарқын бейнелер

Алматы облыстық Бикен Римова атындағы драма театр ұжымының басқару жүйесінде өткен жылы біраз өзгерістер болған еді.Жаңа директордың орнына осы театрда ұзақ уақыт өкімшілік директоры қызметін атқарған, өнер шаңырағының қыр-сырынан толық хабардар маман, Кербұлақ ауданының Құрметті азаматы, ҚР Мәдениет қайраткері Базарбек Тезекбаев отырып, театрдың көркемдік жетекшісі етіп, ҚР еңбегі сіңген әртісі, «Құрмет» орденінің иегері Серік Нұрхалық бекітілген болатын. «Бұдан не өзгерді?» деген заңды сауал туатыны белгілі.

Жарайды, театрдың жаңа директоры Б.Тезекбаев облыс әкімі С.А.Үмбетовтің тікелей қолдауымен театрдың материалдық базасын нығайтып, ғимаратқа күрделі-құрылыс жұмыстарын жүргізіп, театр фойесіне тарихи музей экспонаттарын қойып, безендіріп-ақ тастады делік. Бірақ театрдың репертуарынан жаңа қойылымдар орын алды ма?..

Ия, жаңа көркемдік жетекші С.Нұрхалық өткен жылдың қарашажелтоқсан айында екі бірдей спектакльді өзі сахналап, премьерасын өткізді. Оның бірі – С.Балғабаевтың «Біз де ғашық болғанбыз», екіншісі – Тахауи Ахтановтың «Күшік күйеу» спектаклі. Қойылымның режиссері Серік Нұрхалық, әсіресе, жас әртістерге көп көңіл бөліп, тер төккені байқалады. Махаббат тақырыбына жазылған бұл қос туындыда ең негізгі ойдың түйткілі – отбасындағы татулық-бірлік, азаматтық ар-ұят,жастар тәрбиесі, тіл тағдыры, ұлттық болмыс, адамгершілікке бағытталған. Бір үйдің бірінші қабатында орналасқан екі көршінің арасындағы жай ғана әңгіменің желісінен үлкен бір оқиғаның сыры ашылады.

С.Балғабаевтың «Біз де ғашық болғанбыз» спектаклінде Дәуіт есімді жігіт жастықтың жалауында қателесіп, шалыс басқан қадамының азабын арада өткен сан жылдардан соң қайта тартады. «Тағдырдың төлкегіндей» болған оқиға бір жағынан жанын жесе, екінші жағынан әлдеқашан ұмыт болған махаббатын қайта оятады. Күтпеген жерден оның көшіп келген жаңа үйіндегі көршісінің жұбайы сол баяғы өзі сүйген қыз болып шығады да, шарасыз жағдайға тап болады.



Сұлтанәлі Балғабаевтың қаламынан туған драма жанрындағы шығармалары көрермендерін таңдандырмай қоймайды. Сексенінші жылдардағы «Қыз жиырмаға толғанда» спектаклі де жастардың бойындағы махаббат сезіміне терең бойламай шалыс басқан қадамдарын өткір сынға алған болатын. Сол секілді «Біз де ғашық болғанбыз» қойылымы да бүгінгі көкейтесті мәселені көлденең тартқан тәрбиелік мәні зор туынды екенін көреміз.

Тахауи Ахтановтың «Күшік күйеу» атты спектаклінің көтерген тақырыбы – ұлттық дәстүр,салт-сана, ана тіліміздің қадірі секілді мәселелер бүгінгі таңда ерекше мән берілетін діңгірліктер екені даусыз. Орыс тілді, батыстың музыкасына ден қойған қазақ жастарының өз тіліне,ұлттық дәстүріне мұрнын шүйіре қарауы өкінішке орай әлі кездеседі.

«Күшік күйеу» спектакліндегі оқиғаның еріксіз кісіге ой салар тұсы, ол - домбыра мен гитараның өзара айтысқа түскен сәті. Домбыра - қазақ халқының ұлттық символын қорғап тұрса, гитара батыстың дабырлаған дарақы әуенін насихаттап, жастарымызды ұлттық болмыстан айырып өзге әлемге жетелеуге үндейді .

Сондай-ақ «Нан сұрап жей алмайтын қазақ тілің кімге керек?» деп сайқымазақ еткен рухани болмысынан айырылып, «космополит» қазаққа айналып, қаланың ойын-сауық құған «қаңғыбас-тарына» ауылда өсіп,қазақтың ұлттық қайнар бұлағынан қанып ішкен, қалада білім алып жүрген жастар «Қазақ тілі мына бізге керек!» деп қарсы тұруы залдағы көрерменнің де намысын қоздырып, қол соғуына ұласады. Спектакльдегі Қабанбай-дың рөлін – Мұратжан Махмұт, Бекболатты – Арман Саурықов, Тюрянчикті – Жасұлан Заманбеков, Кубикті – Абай Нұғыманов секілді жас әртістер жастық жігермен жалындата ойнап шықты.

Бұл қос туынды, қос қойылым осы күндері театр сахнасында қойылып жатыр. Сонымен қатар, театрдың шығармашылық тобы тағы екі жаңа қойылымның дайындығын бастап та жіберді. Оның бірі балаларға арналған Б.Соқпақлаевтың «Тапқыр Қожанасыр» спектаклі болса, екіншісі – Н.В.Гогольдің «Үйлену» комедиясы /қоюшы режиссер Б.Тоқымтаев/.

Үсен ӨМІРЗАҚОВ,
әдебиет бөлімінің меңгерушісі.

Күмбірлеген күйге толы kui.kz сайты ашылды

Халықтың үні оның жан дүниесінің айғағы. Осы тұрғыдан келгенде, қазақтың күйі қайсарлық пен батырлықтың, ерлік пен теңдіктің бейнесі болғаны анық. «Күйде сөйлейтін тіл болмағанымен, соны бейнелейтін дыбыс бар» дегендей, қасиетті қара домбыраның шанағынан төгілген әрбір күйдің сиқырлы үнінде қазақтың бүкіл болмысы жатыр.

Халқымыздың күй өнері сонау ерте дәуірде жарыққа шығып, ғасырлар бойы өзінің талантты өкілдерімен танымал болып келді. Онда күй атасы Қорқыттан бастап, бүгінгі жас буын күйшілерге дейін тұтас тарихтың жібі жатыр. Әрине, мұның бәрін саралап, талдау бұл мақаланың жүгі емес. Десе де, ел тәуелсіздігінен кейін күйшілік өнердің өз ырғағына түсіп, жаңа белеске көтерілгенін мойындамасқа болмайды. Әсіресе, Елбасы бастамасымен қолға алынған «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қыруар жұмыс атқарылды. Мұның дәлелі ретінде «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» атты альбомның жарық көргенін айтуға болады. Бағалы мұрамыздың тұсаукесеріне арнайы қатысқан Елбасы: «Күй – көне замандардан күні бүгінге дейін халқымызбен бірге жасасып келе жатқан киелі де қастерлі, сырлы да сұлу өнер», – деп атап көрсеткен.

Десе де, асыл қазынамыздың өз деңгейінде насихатталуы әлі де болса кенжелеп келе жатқанын мойындаймыз. Сонымен қатар, қазіргі таңдағы ғаламтордың кең ауқымды дамуы жас өркеннің ұлттық құндылығымызға немқұрайды қарайтын бағытта жетелеуде. Әрине, мұнда қазақы қасиетті сақтаймыз деп бүгінгі өркениеттің жаңалығы болған ғаламтордан ат тонымызды ала қашуға болмайды. Қайта, жаңалыққа жаны құштар балғындарымызды осы жетістіктің пайдалы жақтарымен жетілдіруіміз керек. Бұл бағытта Нұржау Көшербай бастаған азаматтардың бастамасына жаңадан ашылған www. Kui.kz сайтының берері көп. Осы тұрғыдан алғанда, сайттың ашылуы игілікті іс ретінде қабылданатыны хақ.

Егер осы сайтқа кірер болсаңыз, жаныңыз жадырап, көңіліңіз марқайып қалатыны анық. Онда Құрманғазы, Сейтек, Дәулеткерей, Дина, Мәмен, Тәттімбет, Қазанғап, Абыл, Әлшекей, Нұрғиса, Бақтыбай, Төлеген, тағы басқа халық күйшілерінің мұрасын тыңдап, сусындай аласыз. Еліміздің танымал дәулескер күйшілері мен талантты жас күйшілер тартқан күйлер мейіріңізді қандырады. Сондай-ақ, «Күй дария» хабарынан күй туралы аңыздар мен оның шығу тарихы жайында керекті мағлұмат ала аласыз. Былайша айтқанда, радиодан, теледидардан сирек көретін күйшілер мен олардың өнеріне тәнті күйсүйер қауым енді ғаламтор арқылы қалаған уақытында құлақ құрышын қандыра алады. Сайттағы материалдар музыка зерттеушілерге, мұғалімдерге, студенттер мен оқушыларға таптырмас көмекші құрал болады. Сонымен қатар, сайтқа орналастырылған күйлер отандастарымызбен қатар шетелдерде тұратын қандастарымыз тарапынан да жылы қабылданарына сенімдіміз.

Ендеше, төрінен қазақтың күйі төгіліп тұрған отбасынан еліне қорған, халқына қормал азаматтың өсіп шығатыны анық. Біздің ойымыз, бұл әрбір отағасы мен жастардың қаперінде жүрсін деген бауырмалдық ниет қана.

Мақпал АНДАС.



ҰСТАЗ МЕРЕЙІ

БАСТАУЫШТЫҢ БАҒБАНЫ

«Адамзат баласының өмірде үш түрлі міндеті болады. Оның біріншісі - ұрпақ өрбітіп, тәрбие беру, екіншісі - ұстаздық қылып, шәкірт баптау, үшіншісі - білім жинап, қоғамға қызмет ету. Бұл тәмсіл ең алдымен ұстаздар қауымына қатысты айтылса керек-ті. Әңгімемізге арқау болған Құрымбаева Бақытгүл Маратқызы да осындай ұстаздар санатынан.



Қас-қағым сәттей зымырап өтіп жатқан уақыт керуеніне отыз жыл толыпты. Кеше ғана бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлайтын педучилище түлегі шалғайдағы Қарашоқы ауылы орта мектебінің табалдырығын имене аттап, бүгінде осы білім ордасының ардагер, тәлімгер ұстаздарының бірі атанды. Судың тұнық болуы – бастауынан, ал баланың білімге деген ынта-ықыласы бастауыш сыныптан, нақтырақ айтсақ, алғашқы ұстазынан басталады.

Бастауыш сынып оқытушысының басты мақсаты – бүлдіршіндерге тиянақты білім, саналы тәрбие беру. Бақытгүл Маратқызы шәкірттеріне оқулықтар шеңберінде білім берумен ғана шектелмей, логикалық ойындар арқылы әр оқушының білім деңгейін қалыптастыруға ұмтылады. Мысалы, қазақ тілін терең меңгеру бағытында түрлі әдісті қолданып, математика пәнінен ойын-жарыс ұйымдастырып, балалардың ой-өрісін, ынта-ықыласын дамытуға тырысады. Сондай-ақ, оқушылар дүниетанымын кеңейту бағытында ойын кештер өткізіп, проблемалық сұрақтар аясында балалардың шығармашылық, ізденімпаздық қабілетін арттыруға ден қойды.

Ұлы бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға ең бірінші біліммен қатар тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзатты жарымжан етеді», – деп жазған еді. Бақытгүл Маратқызы ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық педагогиканың озық үлгілерін кеңінен пайдалануға тырысады. Қаймағы бұзылмаған шалғайдағы қазақи ауылда өскен бүлдіршіндердің өз ұлтының салт-дәстүрін, тілі мен ділін еркін игеріп, тәуелсіз еліміздің лайықты азаматы болып қалыптасуына ықпалын тигізіп келеді. Тәрбиелік маңызы бар жұмыстарды атқару барысында Бақытгүл Маратқызы мектепішілік арнайы ашық сабақтар және ата-аналардың қатысуымен ашық тәрбие сағаттарын өткізеді. Сондай-ақ, әрбір ата-ана жиналысында «Отбасы – алтын діңгек», «Балалар және олардың бос уақытын тиімді пайдалану», «Отбасындағы қарым-қатынастың балаларға әсері» сияқты педагогикалық салмағы бар дәрістер де оқиды.

Ұлы ұстаз А. Макаренко: «Сіздің сезіңізден оқушы жігеріңізді, мәдениеттілігіңізді сезетін болсын», – деген ғой. Ендеше, ұстаздың жүріс-тұрысы, киім киісі, сөйлеу шеберлігі, шәкірттерімен қарым-қатынаста өзін-өзі ұстауы оқушыларға ерекше әсер етіп, балауса бүлдіршіндерді мұғаліммен пікір алмасуға, өз көзқарасын бөлісуге жетелейді. Психологиялық тұрғыдан осылай орнаған етене қарым-қатынас мұғалімнің олардың ең жақын адамына айналуына мүмкіндік туғызады. Бұл, сөз жоқ, мұғалім үшін аса зор мәртебе. Тәлімгер ұстаз Б. Құрымбаева да ұстаз өміріндегі ең биік мәртебе – талшыбықтай бүлдіршіндердің сеніміне ие болу деп түсінеді.

– Жылдар бедерінде ұстаздық еңбегім елеусіз қалған жоқ. Алматы облыстық білім департаменті, Кербұлақ аудандық білім бөлімі, Қарашоқы әкімдігінің орта мектебі берген Құрмет Грамоталары өзінше бір төбе. Ал, ауылдастарымның мектеп табалдырығын тұңғыш аттайтын балаларының, ата-аналарының «Бақытгүл апайдың сыныбына жазыңызшы» деген өтініштері менің еңбегіме берілген ең жоғары баға деп білемін», – дейді өз сөзінде Бақытгүл Маратқызы.

«Өмірдің кім білінті оң-солын, тағдырдың кім жүріпті бұраң жолын» демекші, жылдар бойы өмірдің күнгейі мен теріскейін, ылдиы мен өрін бір кісідей-ақ көріп келген Бақытгүлдің құдай қосқан қосағы, жары – Төлеген дүниеден ерте озып, көзінің қарашығындай болған Абайы мен Айнұрын бір өзі тәрбиелеп өсіруіне тура келді. Шүкір, Абайы Талдықорғандағы политехникалық техникумды бітіріп, Алматы қаласында фирмада қызмет істейді. Анасының бір жағына шығысты деген осы болар. Қызы Ө. Жолдасбеков атындағы институттың ІІІ курс студенті. Ұстаз ана ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немерелерінің маңдайынан иіскесем деп армандайды. Жұмыр басты пендеде арман шіркін таусылған ба?! Қарапайым болмысынан бір сәт ауытқымаған, баршылықтан тасымаған, жоқшылықтан жасымаған ұстаз-ананың алдағы күндеріне сәттілік, шуақты ғұмыр тілейік.

Назгүл ӘУЖАНОВА,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің доценті.

АЛҒЫС

Атам қазақ ежелден өмірінің жалғасы, ерлі санолар ұрпағын ерекше қадірлеген. Сол үрдіс бүгін де жалғасын табуда. Бақтыбай ауылындағы «Балбөбек» балабақшасы ашылғалы немерелеріне қамқор болып, өмірге қадам бастырып жүрген қариялардың көріп оқылған оқсақалдарымыздың барына тәубе етеміз.

БІР БАЛА мен МЫҢ ПЕРІШТЕ

Балабақша ашылғалы аудан әкімі Сұлтан Дүйсенбінов, аудан әкімінің орынбасары Қайырғали Әлібаевтар бар жағдайды жасап, балабақшаның гүлденуіне, балалардың тәлім-тәрбие алуына, алаңсыз өсуіне бар жағдай жасауда. Осындай қамқорлықтың арқасында періштелер мекені қыстақ құстың ұясындай жылы болды. Оған ата-аналардың да алғысы шексіз.

«Көш жүре түзеледі» демекші, балабақша жаңадан ашылғанымен балалар ойнайтын ауласында біраз кемшіліктер бар еді. Соны қайта тегістеу бізге мұң болып жүрген. Балабақша қызметкерлері негізінен нәзік жандылар болғандықтан оны қалпына келтіру қолымыздан келмеді. Ер адамның қол күші, техника керек болды. Содан кейін біз ақылдаса келіп, бүлдіршіндеріміздің әкелері мен аталарынан көмек сұрадық. Бала дегенде ішкен асын жерге қояр ата-аналар бұйымтайымызға немқұрайды қарамады. Ауыл әкімі Айдын Ерболғанұлы бастап, ата-аналар қоштап іс тез арада қолға алынып, жалғасын тапты. Бірі техникамен көмектесетінін, бірі жеткізілген қара топырақ пен шымды тегістеуге жәрдемдесетінін айтып, аз уақытта балабақша айналасын жайнатып жіберді.

Бүгінде балаларымыз аулада еркін шапқылап, асыр салып ойнауда. Оны көрген біз ата-аналарға алғысымызды күнде жаудырамыз. Қазақта «Жерде бір сәби қуанса, аспанда мың періште қуанады» деген қанатты сөз бар. Сіздер бір емес жүздеген сәбиді шат күлкіге кенелттіңіздер. Ендеше, жүрегі үлкен ағалар, сіздерді, сіздердің ұрпақтарыңызды қашан да періштелер қорғап, қоршап жүрсін. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей, бізге дер кезінде аялы алақанын созған ағаларымызға баспасөз арқылы алғысымызды арнасақ деп едік. Олар Өмірхан Смағұлов, Ерболған Исабеков, Беккали Ботабаев, Нүсіп Көшербаев, Арман Шалқымбаев және басқа да ағалар. Мерейлеріңіз әрқашан үстем болсын, сіздер аман болыңыздар, арқасүйер жақсы адамдар. Отбасыларыңыздан сәбидің шат күлкісі арылмасын.

Көнжегүл ДҮЙСЕНТАЕВА,
«Балбөбек» балабақшасының меңгерушісі.
БАҚТЫБАЙ АУЫЛЫ,
ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ.

БӘРЕКЕЛДІ!

Ғылым жолында

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай Ө. Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясында «Қазақстанның инновациялық дамуындағы жастар шығармашылығы» атты ІІІ студенттік ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Конференцияны ұйымдастыруға академия студенттерімен бірге қаладағы №4, №6, №10 мектеп оқушылары, І. Жансүгіров атындағы ЖМУ колледжі және бірқатар орта оқу орнының студенттері атсалысты. Жиынды академия ректоры А. Садықов ашты. Мұнан соң академия оқытушылары сөз алып, Ө. Жолдасбековтің өмірі мен ғылыми жетістіктері турасында мағлұмат беріп, «Жолдасбеков жолы – жастар жолы» тақырыбында баяндама жасады.

Бұл конференцияға 136 жас ғалымның мақаласы қабылданып, оның 81-і секциялық отырыста қорғалса, 3 ғылыми жұмыс бірлескен мәжілісте баяндалды. 12 баяндамашы І, ІІ, ІІІ дәрежелі дипломмен және 48 жұмыс авторы сертификатпен марапатталды. Мұндай студенттік конференциялар жастарды ғылымға тартудың тиімді жолы болмақ.

И. ҚАПАРОВА,
бизнес және құқық факультеті деканының орынбасары.



Сен туған күн,



Ұйғыр ауданы Шонжы ауылының тұрғыны, асқар таудай әкеміз ҚОЗЫБАЕВ Калинұр Ірғебайұлын 70 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз. Әке, сізге осы өмірдегі бар жақсылық пен денсаулықты, басыңызға амандық пен қажымас қайрат тілей отырып, ақылшымыз бола білген әкемізге мына өлең жолдарын тарту етеміз:

Әкежан, құтты болсын туған күнің,
Өтінді пір санайды қыз бен ұлың.
Көргенде қуанамыз өзіңізді,
Ардақтап әрбір айтқан сөзіңізді.

Өмірдің әр қырынан іздеп арай,
Бақыт құсы самғасын сізге қарай.
70-тің асуынан еркін өтіп,
Сәтті қадам басыңыз 100-ге қарай!

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: ұлы – **Арман,** келіні – **Балауса,** қыздары – **Ләззат, Ләйлә, Майра,** күйеубалалары – **Ербол, Сабыр,** немерелері – **Асқар, Айбек, Азамат, Жәнібек, Еркебұлан.**



Іле ауданы Боралдай кентінің тұрғыны, ардақты әке, ұлағатты ұстаз ҮМБЕТБЕКОВ Нұрқайдар Әлпиұлын мерейлі 60 жасқа толған туған күнімен құттықтаймыз.

Осы қуанышты күнімен құттықтай отырып, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасына бақыт пен береке және ұстаздық еңбегіңіздің жемісін көре беріңіз деп тілек білдіреміз.

Мерекелі 60 жасқа келдіңіз,
Өмірдің ыстық-суығын көрдіңіз.
Ғибратты ғұмыр кешіп өмірде,
Ортамызда аман-есен жүріңіз.

ІЗГІ НИЕТПЕН: жұбайың, қызың – **Әйгерім,** ұлың – **Елжас** және **Үмбетбековтер** әулеті.

Райымбек ауданы Сарыжаз ауылында дүниеге келген БАҚМОЛДАҚЫЗЫ Майгүл Нүрсейіт келіні 1 мамырда асқаралы 60 жасқа толып отыр. Құрметті әже, ардақты ана, сүйікті жар, еліне елеулі, халқына қалаулы, 35 жыл өмірін жас ұрпақ тәрбиесіне арнаған жылы жүректі, ізгі тілекті, мейірі түгіған жанның қуанышымен құттықтаймыз.

Рас, саған арнамадым мен өлең,
Еңбегіңді елемейін неге мен.
Жастық шақтың қиын, қызық кезеңін,
Кемел кезде бірақ айтсам деген ем.
Барды-жоқты меніменен бір көрдің,
Таттық дәмін ащы-тұщы күндердің.
Жас жігітті алаңдатқан «қара қыз»,
Енді, міне, әже болып үлгердің.
Мақтан қылып айта аламын әр үнмен,
Шүкір, Алла кем болғам жоқ теңіммен.
Өзің барда аласармас биігім,
Мерекем де, берекем де өзіңмен.



ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: жұбайы – **Бәкір,** келіндері – **Мәрия, Әсем, Назгүл,** қайнылары – **Бейбіт, Дәурен,** балалары – **Құралай-Мұрат, Әйгерім-Жомарт, Толғанай-Қызырбек, Тілек-Айнаш, Абзал,** немерелері – **Мадина, Ернар, Дәулет, Нұрай, Нұрұл, Айбын.**



Талғар қаласының тұрғыны Тұрар Рысқұлов атындағы № 9 жалпыға білім беретін орта мектебінің география пәнінің мұғалімі, кәсіподақ ұйымының төрайымы ӘБДІКЕРІМ Мейрам Қадырқызын 58 жас – зейнеткерлік жасқа толуымен құттықтаймыз. Әлемдегі ең қадірлі де ардақты мамандықтың иесі ұстаз ретінде құрметтей отырып, денсаулық, отбасыңызға береке, сарқылмас дәулет және ұзақ ғұмыр тілейміз.

Келгенде зейнеткерлік асқарына,
Тілейміз ашық күнді аспаныңа.
Бұдан да биіктерге көтеріліп,
Жетіңіз ақ арманның асқарына.
Сай болып әуел бастан атыңызға,
Мерей болған ұстаздық затыңызға.
Мақтан етіп ғұмырда өзіңізді,
Жүрейік ұзақ аман жаныңызда.

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: Талғар ауданы «Білім» кәсіподақ бірлестік қоғамы және Талғар ауданы мектептерінің кәсіподақ ұйымының ұжымы.



Балқаш ауданы Бақанас ауылында дүниеге келген, қазіргі таңда Талдықорған қаласында Алматы облысы әлеуметтік кәсіпкерлік кешенді корпорация директоры КҮЛТЕБАЕВ Қабыл Сәдуақасұлын сәуірдің 26 жұлдызындағы 50 жас мерейтойымен құттықтай отырып, зор денсаулық, сарқылмас бақыт, отбасына амандық, еңбегіне жеміс, ағайын-туыс арасына мейірім, шаттық тілей отырып, төмендегі жыр жолдарын тарту етеміз:

Ғасырдың жартысына жетіп, міне,
Мерейтойды тойлаудасыз, Қабыл аға.
Таза жүрек, қайраттым, кең пейілдім,
50 жас ғұмырыңыздың басы ғана.
Гүлайым жеңгемiздей жарыңыз бар,
Ұрпақ өсіріп, ел сүйген атыңыз бар.
Ұлдарыңыз – Тимур мен Дамирдейін,
Қызығын көріп, аулардан асыңыздар.
Күй-қайратыңыз сарқылмасын, шаттық келіп,
Сүйіспеншілік дарыған жанұя берік.
Отағасы ретінде қалыптасқан,
Алға басыңыз, уайым мен жатты жеңіп.
Бақыттысыз! Өмірді қарсы алған,
Құт-береке дарысын үйіңізге.
Даналар баға берген жақсы адам,
Мейірімді тұлғаның бірі сіз де.
Жақсы жаңалығын ертіп келсін ертеңгі күн,
Абыроймен алып шығыңыз елдің жүгін.
Асыл ағамды қуантайын деген оймен,
Шын пейілмен құттықтап келдім бүгін.

АҚ ТІЛЕКПЕН: қарындасыңыз – **Мақпал,** ағатайың – **Нұрлан,** жеңгең – **Тамарқан.**



Кербұлақ ауданы, Сарыбастау ауылында тұратын бірімізге қарындас, бірімізге әпке болып келетін АБИКЕНОВА Гүлнар Айдарханқызын 22 сәуірде 55 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз. Жұбайы Талғат екеуі балаларын азамат етіп, өсірді. Енді, міне, немерелерінің қызығына қуанып жүр. Осы күндер ұзағынан сүйіндірсін деп тілейміз.

Бақ-береке ұяласын басыңа,
Пейіліңнің дарқандығын біледі ел.
Мерейленіп, жас қосылып жасыңа,
Ортамызда ойнап-күліп жүре бер.
Құтты болсын, мерекелі тойыңыз,
Орындалсын асқақ арман, ойыңыз.
Атқан таңдар тек жақсылық әкеліп,
Деніңіз сау, береке мен шаттықпен,
Аман-есен жүз жасқа да келіңіз.

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: Шығыс Қазақстан облысында тұратын Абикеновтер әулеті.



Сәуірдің 22 жұлдызы әріптесіміз әрі досымыз І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті колледжінің экономика пәндерінің оқытушысы ӨСКЕМБАЕВА Шолпан Қабілмажинқызының туған күні. Оны қуанышымен құттықтаймыз.

Өмір кейде өзгешелеу сыр бүгіп,
Жетелейді бір қызықты, бір қызық.
Жастық шақтың жанға жайлы жылуы,
Жанарыңның ұшқынында тұр қызып.

Ұстаз деген ұлы есімді ұлықтап,
Биіктерге қанат қақтың талмастан.
Нұр-шуаққа толы болсын көңілің,
Мына, өмірде бақ пен бақыт алмасқан.

Білімгердің жүрегінен жол таптың,
Арман алға жетелейді қашанда.
Үміт те көп қол бұлғаған шыңдардан,
Шын ниетпен, нық сеніммен бас алға.

ІЗГІ НИЕТПЕН: әріптес достары атынан **Қажет АНДАС, Гүлжан Тұрсын.**

мерекеңмен!

ТӘЖІРИБЕ

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ «1001 МАҚАЛ»

Сабақтан тыс жұмыс оқушылардың пәнге деген қызығуын арттыра түсетіні сөзсіз. Осыған орай, «1001 мақал» телебағдарламасы желісімен мектебімізде ағылшын тілінде «1001 мақал» ойыны жиі өтіп тұрады.

Ойын «Мақал-мәтелдердің ағылшын тіліндегі баламасын айту», «Мақал-мәтелді аяқтау», «Ойыншылар кезек-кезек мақал айтып жарысады», «Көрермендермен ойын (айналып тұрған әртүрлі суретті қалқанға садақ атып, жебе тиген тақырыпқа сәйкес мақал айту)», « Мақал-мәтел мағынасын түсіндіру» сияқты бес айналымнан тұрады.

Нақты мысалдар келтіре отырып, лексика тарауынан өткенді қайталау арқылы оқушы білімін сарапқа салып, сөз байлығын, сөздік қорын байыту, күрделендіру, ойлау қабілетін дамытуды мақсат еткен ойын сабағы интербелсенді тақта арқылы жүргізіледі.

Әрине, ана тіліміз – қазақ тілі. Өз тіліміз өзге тілді үйретуге тірек болуы керек. Ал ағылшын тілі – халықаралық байланыс тілі, ғылым, саясат және компьютер тілі. Сондықтан «Басқа тілдің бәрін білу» ешқашан кемдік етпейді. Қайта білімімізді тереңдетіп, ой-өрісімізді ашады. Сол арқылы тілге деген қызығушылығын жетілдіреді.

Сайысқа бірнеше топ қатысып, сынға түседі. Әрине, олардың ішіндегі тілге жетіктерінің озып шығатыны анық. Оларды марапаттап отыру керек. Бұл оқушыларды шабыттандырады. Сонымен қатар, мақал-мәтелдерді ойын тәсілімен жүргізу арқылы оқушылардың ағылшын тіліндегі танымдық белсенділігін және пәнге деген қызығуын арттыруға да болады.

Айман ДӘУРЕНБЕКОВА,
Б. Жолбарысұлы атындағы №18 орта мектеп-лицейі ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.

Для сведения граждан! ГКП «Центральная районная больница Балкашского района» информирует о размещенном у нас гарантированного объема бесплатной медицинской помощи на 2011 год по следующим оказываемым видам и формам медицинской помощи:

- квалифицированная, стационарная помощь на 90 коек, (из них: 30 терапевтических, 20 педиатрических, 25 хирургических, 15 родильное отделение) на 2500 планируемых случаев.

- квалифицированная, стационарозамещающая на 20 коек, 1600 планируемых случаев.

Имеются в наличии сертификатов специалистов с присвоением квалификационной категории из них: высшей категории 4 врача и 5 средних мед.работников; первой категории 5 средних мед.работников; второй категории 3 средних мед.работников.

Без присвоения квалификационной категории 5 врачей и 22 средних мед.работников.

Алматы облысы, Қаратал ауданының әкімдігі ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге жер участкелерін жалға беру жөніндегі 2011 жылдың 12 сәуірінде өткен конкурстың қорытындысы бойынша жеңімпаздардың тізімін жариялайды.

№	Жер участ. лот №	Жеңімпаздардың аты-жөні	Көлемі га	Жер участкесінің орналасқан жері
1	2	3	4	5
1	1	Ж. Тезекбаев	20	Үштөбе қаласынан 24 км. Кәлпе ауыл. 4 км
2	2	Ж. Галымбаев	10	Үштөбе қаласынан 22 км. Кәлпе ауыл. 2 км.
3	4	А. Кошкарбаева	6	Үштөбе қаласынан 18 км. Кәлпе ауыл. 6 км
4	5	С. Қуатбек	10	Үштөбе қаласынан 28 км. Кәлпе ауыл. 8 км.
5	6	С. Қуатбек	10	Үштөбе қаласынан 30 км Кәлпе ауыл. 10 км
6	7	С. Токтар	2	Үштөбе қаласынан 22 км Кәлпе ауыл. 2км
7	8	Г. Келменбетова	7	Үштөбе қаласынан 16 км Кәлпе ауыл. 7км
8	9	О. Әділбайұлы	9	Үштөбе қаласынан 15 км Кәлпе ауыл. 6км
9	10	Д. Мусабаев	5	Үштөбе қаласынан 10 км. Ескелді ауыл. 3км
10	11	А. Балтахожаев	7	Үштөбе қаласынан 16 км. Ескелді ауыл. 9 км
11	12	П. Шек	17	Үштөбе қаласынан 15 км. Ескелді ауыл. 8 км
12	13	А. Байсымакова	30	Үштөбе қаласынан 14 км. Ескелді ауыл. 6 км
13	14	С. Танирбергенов	30	Үштөбе қаласынан 15 км. Ескелді ауыл. 5 км
14	15	М. Муратова	550	Үштөбе қаласынан 37 км. Ескелді ауыл. 30км
15	16	М. Байдильданов	20	Үштөбе қаласынан 21км Ескелді ауыл. 14 км
16	17	Б. Рыскулов	25	Үштөбе қаласынан 21 км Ескелді ауыл. 14 км
17	18	М. Байсымбаев	850	Үштөбе қаласынан 40км. Ескелді ауыл. 34 км
18	19	А. Зорбаев	980	Үштөбе қаласынан 46км. Көкпекті ауыл. 33 км
19	20	С. Смаилов	3	Үштөбе қаласынан 23км. Қаражиде ауыл. 2 км
20	21	Мұқай	6	Үштөбе қаласынан 26 км. Қаражиде ауыл. 3 км
21	22	Елемес	2	Үштөбе қаласынан 26 км. Қаражиде ауыл. 3 км
22	23	Д. Шерияз	4,5	Үштөбе қаласынан 25 км. Қаражиде ауыл. 2 км
23	25	Ж. Бытибаев	1,5	Үштөбе қаласынан 28 км. Қаражиде ауыл. 3 км
24	26	Т. Қайыржан	5	Үштөбе қаласынан 26 км. Қаражиде ауыл. 3 км
25	27	К. Құсаинов	1,5	Үштөбе қаласынан 23 км. Қаражиде ауыл. 2 км
26	28	Б. Смаилова	700	Үштөбе қаласынан 44 км. Қаражиде ауыл. 24 км
27	29	Б. Смаилова	870	Үштөбе қаласынан 45 км. Қаражиде ауыл. 25 км
28	30	Т. Халыкова	6	Үштөбе қаласынан 4 км. Бастөбе ауыл. 2 км
29	31	Д. Шерияз	370	Үштөбе қаласынан 27 км. Бастөбе ауыл. 25 км
30	32	Б. Рыскулов	350	Үштөбе қаласынан 25 км. Бастөбе ауыл. 23 км
31	33	Б. Токбергенова	25	Үштөбе қаласынан 25 км. Бастөбе ауыл. 23 км
32	34	Б. Токбергенова	170	Үштөбе қаласынан 32 км. Бастөбе ауыл. 30 км
33	35	Х. Хосен-оглы	2,4	Босалқы жерлер Үштөбе қаласынан 2 км.
34	36	А. Мазақбай	10	Үштөбе қаласынан 26 км. Тастөбе ауыл. 1 км
35	38	Ы. Қамар	7	Үштөбе қаласынан 27 км. Тастөбе ауыл. 1,5 км
36	39	Н. Дәлел	4	Үштөбе қаласынан 27км. Тастөбе ауыл. 2 км
37	40	Ж. Кұтби	6	Үштөбе қаласынан 26км. Тастөбе ауыл. 1,5км
38	42	К. Бачеев	100	Үштөбе қаласынан 32 км. Тастөбе ауыл. 6 км
39	43	К. Бачеев	70	Үштөбе қаласынан 31 км. Тастөбе ауыл. 5 км

Қалған - 3,24,37,41 лоттар кейінгі конкурста жарияланады.
Конкурсты ұйымдастырушы: Қаратал ауданының әкімдігі.
Мекенжайы: Үштөбе қаласы, Қонаев даңғылы № 9. телефоны: 8 (72834) 2-18-85, 2-10-45.



Ақсу ауданы Көшкентал ауылына қарасты Садықбаев Толеубектің атына тіркелген «Б. Толеухан» жеке шаруа қожалығы өзінің жабылатынын хабарлайды.

06.04.11 ж. Алматы облысы, мамандандырылған экономикалық сотының қаулысымен "KADAM STROY" (ҚАДАМ СТРОЙ) ЖШС-нің қатысында банкроттау азаматтық іс қозғалды, СТН 600700552259.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ.
ТАПСЫРЫС — 454.
ТАРАЛЫМЫ — 42852.
ИНДЕКСІ — 65469.

Кезекші редактор: Айнұр ӘБДРАХЫМ.

Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, N3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Қабылдау бөлмесі және факс — 27-41-50, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы — 24-38-16, ауыл шаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — 27-42-34, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-36-07, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 24-32-43, білім және ғылым бөлімі — 24-30-57, фототілшілер — 27-41-93, заң және ақпарат бөлімі — 24-29-82, есеп-қисап бөлімі — 24-35-28.

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс) 79-13-86, 79-36-43.

Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда — 2-12-57, Панфиловта — 5-12-21, Райымбекте — 2-22-05, Іледе — 2-19-33.

Газет табыс етілмесе — 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

Жетісу

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Шын жүректен!

ҚҰРМЕТТІ «ВЕЧЕРНИЙ ЖЕТІСУ» ГАЗЕТІНІҢ ОҚЫРМАНДАРЫ!
Үш-ақ жүз теңгеге біздің газетіміздің бетінде туған-туысқандарыңызды құттықтаңыздар (суретімен), суретсіз – 200 теңге.
Тел.: 24-34-45, 21-41-97.

Құттықтаймыз!



Талдықорған қаласындағы экономика және құқық колледжі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары **ЕРЖАНОВ ҚАНАТБЕК ЕСБОЛҒАНҰЛЫН** Мұғалімдер күні мерекесімен құттықтаймын! «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», – деп Абай атамыз айтқандай, ғұмырын осы саланың қыры мен сырын меңгеруге арнаған Қанатбек Есболғанұлы ұлағатты ұстаз, білікті басшы бола білді. Бүгінде оқу орнының өркендеуі үшін тынымсыз еңбек етіп келеді. Ендеше, деніңіз сау, еңбегіңіз жемісті, отбасыңыздан бақ-береке кетпесін.

Берекесін пейілінe сақтаған,
Ұстаздардың мейірінен бақ табам.
Қуаттанам ақыл, нақыл нәрімен,
Шәкірт жанын батылдыққа баптаған.
Өздеріңдей жаны таза жандардың,
Әріптесі болғанымa шаттанам.

Жалындатып жастықтың гүл көктемін,
Құлашымды создым алыс, көкке мың.
Құтты болсын, мерекеңіз мерейлі,
Білдіретін сыйластықтың септеуін.

Қашанда талапты шәкірттерді қанаттандыра беріңіз деп тілеймін.

ІЗГІ НИЕТПЕН: қарындасың – **Ш. ҚАБЫЛМӘЖІНҚЫЗЫ.**



Үрпақ санасына білімнің шырағын жағып, салауаттылыққа бейімдейтін мұғалім еңбегі ерекше. Сондықтан жыл сайын қазан айының бірінші жексенбі күнін ұстаздарды құрметтеуге арнаймыз. Биылғы қастерлі мереке қарсаңында Талдықорған қаласындағы Ө. Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясының оқытушысы **ШОЛПАН ӨСКЕМБАЕВАНЫ** мерейлі мерекесімен құттықтаймын! Қашанда ойлаған арманың орындалып, күндерің көңілді, денсаулығың мықты болсын, – деп тілеймін.

Есімде жоқ, қашан, қалай таныстық,
Бірге өткізген уақыттың бәрі ыстық.
Тағдырымыз алуан-алуан болса да,
Бір арманның желісімен жарыстық.
Іштегі ойды бөгелсек те айта алмай,
Барған сайын жақындады алыстық.

Сиқыр сезім сыйластықтан қиылған,
Ұстатпайды қолын бұлғап қиырдан.
Шырмалады кейде сыршыл жүрегім,
Жол таба алмай шырмаланған шиырдан.
Мен сенемін күліп шығар бір күні,
Ортақ арман екеумізге бұйырған.

Құлай тыңдап жылы үнін жүректің,
Болашаққа тек арманмен гүл ектім.
Жалынымен жүріп келем қазірше
Саған деген тәтті-тәтті тілектің.
Мерекеңмен құттықтаймын, Шолпанжан,
Мақсатыңды мағынамен түлет мың.

ІЗГІ НИЕТПЕН: достарың атынан – **Қ. ШАКЛИН.**



Талдықорған қаласындағы Ө. Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясының жалпы және қаржы сұрақтары жөніндегі проректоры, физика-математика ғылымдарының қандидаты, доцент **НАУБЕТОВА ШҰҒА АРОНҚЫЗЫН** Мұғалімдер күні мерекесімен құттықтаймыз!

Оның кішіпейілділігі, білімділігі, сыйласымдылығы, үлкенге ізеті, кішіге мейірімі басқаларға үлгі-өнеге. Сондықтан әріптестері мен студенттері арасында құрметке бөленіп келеді. Сондай-ақ, оқу орнының өркендеуіне қосқан үлесіңіз де өлшеусіз. Ендеше, Шұға Аронқызын мерейлі мерекемен құттықтай отырып, алдағы уақытта деніңізге саулық, қызметіңізге табыс, шаңырағыңыздан бақ-береке кетпесін деп тілейміз.

Күндер қанша ауыр міндет жүктесін,
Жігер, - күшің жетеріне сенеміз.
Армандарың ешқашанда бітпесін,
Үлкен-үлкен жеңістерді күтеміз.

Қадіріңді қай-қашанда біледі ел,
Табысың мен қуанышың көп болсын.
Күнде осындай жетістікпен жүре бер,
Отбасыңа бақыт, байлық, құт қонсын.

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: экономика және қаржы кафедрасының оқытушылары : Шолпан ӨСКЕНБАЕВА және **Динара СЛАМБЕКҚЫЗЫ** мен **Жанар ҚАЛИБАЙҚЫЗЫ.**

ШОЙЫНБЕКОВ ТӨЛЕГЕН УӘЛИҰЛЫ
60 ЖАС – МЕРЕЙТОЙЫҢЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Ел үшін еңбек еткен
төгіп терді!
Басқарған өнеркәсіп
– кәсіпкерді!
Жетісу өңірінде
туған жігіт,
Алпыстың асқарына
асыпты енді!

«Жетісу Трейд и К°» ЖШС ұжымы.

Қаратал ауданы, Жасталап ауылының тұрғыны, үлкендерге ибалы келін, балаларға сүйікті жеңге бола білген **РУСТЕМБЕКОВА Салтанат Түсіпқызын** туған күнімен құттықтаймыз! Өзіңе әлемдегі бар жақсылықты, қуанышты, бақ-берекені тілей отырып, мына өлең жолдарын арнаймын.



Сырын біліп, жырын түйіп даланың,
Болашаққа сенімменен қарадың.
Тірек етіп туған жердің топырағын,
Тағы да оны құдіретке баладың.
Туған күнің құтты болсын, ендеше,
Биік болсын берекең мен талабың.

Сенім жібін отбасыңнан үзбестен,
Үмітпенен өтті талай күз, көктем.
Сенің жарқын, парасатты ісіңді,
Біз білеміз талай адам үлгі еткен.
Сондықтан да ортамызда қашанда,
Ойнап-күліп жүре бер тек құрметпен.

ІЗГІ НИЕТПЕН: Ербосыновтар әулеті және ерке қайның – **Дәулет**

Газету можно купить в киосках АиФ и в магазинах нашего города.
Телефоны редакции:
8 (7282) 27-41-97, 24-34-45.

Талдықорған қаласындағы №7 балабақшаның ұжымын және «Ботақан» тобының тәрбиешілері: **Фазила Қытымырқызы** мен **Арай Мұқашқызын** және **Арай апайды** Мұғалімдер күнімен құттықтаймыз!

Еліміздің болашақ жас өрендерін тәрбиелеуде жетістіктерге жетулеріңізді тілейміз. Біздің бал күлкіміз бен қуанышымызға кенелe беріңіздер дей отырып, мына, өлең жолдарын арнаймыз.

Құтты болсын мерекеңіз,
Орындалсын асқақ арман.
Арта берсін берекеңіз,
Үстем болып басқалардан.


ІЗГІ НИЕТПЕН: «БОТАҚАН» ТОБЫ сәбилерінің атынан – **НҰРАЙ.**

Талдықорған қаласындағы №2 орта мектептің директоры **ЛӘЗАТ ЕСБОТОНОВА** мен мектеп ұжымын және мектепалды дайындық тобының мұғалімі **АЙЖАРЫҚ** апайды Мұғалімдер күнімен құттықтаймыз! Қашанда жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беріп, биік жетістіктерге жете беріңіздер деп тілеймін.

Дарқандықты ұлықтайды ел тегі,
Өйткені, ол – келешектің өлшемі.
Өздеріңнің еңбегіңмен өркендеп,
Көркейеді Отанымның ертеңі.
Сондықтан да мұғалімдер қауымы,
Желбіресін жеңісіңнің желкені.

ІЗГІ НИЕТПЕН: мектебалды дайындық тобындағы **Ажардың атынан әкесі – Қажет АНДАС.**





ҚҰРМЕТТІ «ВЕЧЕРНИЙ ЖЕТІСУ» ГАЗЕТІНІҢ ОҚЫРМАНДАРЫ!

Үш-ақ жүз теңгеге біздің газетіміздің бетінде туған-туысқандарыңызды құттықтаңыздар (суретімен), суретсіз – 200 теңге.
Тел.: 24-34-45, 21-41-97.

Құттықтаймыз!

ҚАЗАҚСТАН МЕКЕНІМ




Кең-байтақ Қазақстан мекенім,
Мен өзіңде ержетемін, өсемін.
Желбіреген көкке тиген туында,
Тебіренe қарап әр кез етемін.
Көз тартады тауы, қыры, қаласы,
Жайлауы бар, жасыл желек жағасы,
Жат көрмейтін өзге елдің баласын
Қазағымның кең-байтақ-ау даласы!
Отаным деп жанын берер ұрпағың
Саған арнап мен әнімді шырқадым.
Басымды ием, сені көкке көтерем,
Даналарға келеді менің ұсағым!

ДАУЫТОВА Аружан НҰРБОСЫНҚЫЗЫ, №18 мектеп-лицейі, 2 «а» сынып оқушысы.

Творческий коллектив областной информационно-рекламной газеты «Вечерний Жетісу» сердечно поздравляет заместителя акима Алматинской области **Сакена Егинбаевича ЖЫЛКАЙДАРОВА** с днем рождения! От чистого сердца желаем здоровья и семейного благополучия!

Творческий коллектив областной информационно-рекламной газеты «Вечерний Жетісу» сердечно поздравляет секретаря областного маслихата **Ардака Маутхановича СЫДЫКА** с днем рождения! От чистого сердца желаем здоровья и семейного благополучия!

ТУҒАН ЖЕР



Көз жеткес аса биік тауларың бар,
Шыңында аппақ таза қарларың бар,
Жақалған гүлдері етегінде
Осындай туған жерім, жайлауым бар.
Көз тартар көгінде ту желбіреген,
Туған жер неткен әсем,
неткен көркем,
Самғайды қырандары көкке ұшып,
Жерімді маңғі сүйем, мақтан етем!
Тербелем туған жер бесігінде,
Ер жетем ойнап, күліп мен төсінде,
Елім деп еңбек етем ағалардай,
Қамқоршың болам әр кез мен өскенде.

ДАУЫТОВА Аяулым НҰРБОСЫНҚЫЗЫ, №18 мектеп-лицейі, 2 «а» сынып оқушысы.

Қытай Халық Республикасы Күнес ауданында тұратын ағамыз ТОЛҚЫН мен жеңгеміз ГҮЛНҰРДЫҢ тұлабойы тұңғышы АМАНБОЛДЫ туған күнімен құттықтаймыз!



«Баласы атқа шапса, анасы үйде отырып тақымын қысатын» халықтың перзенті емеспіз бе? Қазақтың қасиетін бойына сіңірген Аманболдың ақылды, білімді, тәртіпті болып өсіп келе жатқанын көргеннен артық бақыт жоқ шығар. Ендеше, Аманбол аты затына сай азамат болып, ата-анасының күткен үмітінен шыға берсін деген ниеттеміз.

Сенім жібін үзе көрме жарқыным,
Біле білсең болашақтың нарқы мық.
Әрбір адам баласына үлкен жүк,
Азаматы болып қалу халқының.

Тағы да арман келешекке кемел үн,
Ізде өмірдің бақыты мен тереңін.
Сен туғанда біз де қатты қуанып,
Көңілімді терең оймен жебедім.

Ал ендеше, сәтті болсын қадамың,
Шұғылаға шомылдырсын алабың.
Ата-анаңның үміті бар бойында,
Тек осыны есте сақта қарағым.

ІЗГІ НИЕТПЕН: Ажар.

С ДНЕМ РОЖДЕНИЯ ПОЗДРАВЛЯЕМ РУДЕНКО СЕРГЕЯ ЕВСТАФЬЕВИЧА!



Пусть будет жизнь
твоя прекрасной,
В семье погода — только ясной.
Пусть льются нежных слов потоки,
Пусть радость в доме бьет ключом,
Не режут слух слова-упреки,
И беды будут нипочем.
Пускай немало впереди
Тебя ждет лет, хороших, ясных,
Пусть будет ровным стук в груди,
И каждый час твой
лишь прекрасным!

С наилучшими пожеланиями, Алла, Кирилл и Анна.

САГАДИЕВУ АРДАК С ДНЕМ РОЖДЕНИЯ!



Спешим поздравить
с этим днем рожденья,
Несметного здоровья пожелать,
Пусть радостными
будут ощущенья -
Щедрых гостей,
с подарками парад!
Желаю капитаном
быть на судне
И яблоко большой
любви вкусить,
Найти оазис свой
в пустыне серых будней
И влагой счастья
душу оросить!

От любящего мужа и детей.

НӘЙЛА МЕНЕН ҰЛАҒАТ



Шыққан күнмен таласып,
Бір-біріне жарасып.
Таңырқайды қос құлын,
Балалықтан бал ашып.
Неткен жылы туыстық,
Неткен тәтті қарашық.

Үнсіз мүлгіп тұр алап,
Тыныштықты қуалап.
Балғын шақтың байлығын,
Түсінбеу де қиянат.
Бақытты екен Нәйла қыз,
Құшағында Ұлағат.

Көкетайлар көктеңдер,
Демеуші боп көк пен жер.
Ұмытпаңдар бұл шақты,
Қанша ұлы боп кетсеңдер.
Ата-анаңды сыйлаңдар,
Әке-шеше біл құнын,
Бүршік атқан көктемдер.

Қажет АНДАС.





Бала кезден әлпештеген жербесік,
Біздің Самат жігіт болды ержетіп.
Табыспенен ел үмітін ақтар жүр,
Мұраттарын биіктерге өрлетіп, – дей отырып, биыл ғана мектепті бітіріп, Бурабайдағы әскери оқу орнына түскен ұлымыз БОЛАТОВ Самат Бағдатұлын 2 желтоқсанда толатын туған күнімен құттықтаймыз!

Азамат бол, елің сенім жүктеген,
Мен өзіңе дәл осылай күш берем.
Даналықпен ел қорғаған әбыз бол,
Қаһарман бол намысы пәс түспеген.

Тынысы бол туған дала төсінің,
Күн-күн сайын шуақ шашып өс ұлым.
«Отан үшін от кешпеген адамға»,
Осыны ұқ жасалмайды кешірім.

Бірақ саған бәріміз де сенеміз,
Сондықтан да жігер, шабыт береміз.
Туған күнің құтты болсын, ендеше,
Саған ұзақ ғұмыр, бақыт тілейміз.

Елін, жерін қорғайтын азамат ретінде болашағынан зор үміт күтуші нағашы апасы – **Сейілхан**, анасы – **Раушан**, әкесі – **Бағдат**, бауыры – **Сабыр.**



Үштөбе қаласының тұрғыны ДҮЙСЕНБЕНОВА Лилия Егорқызын 5 желтоқсанда 70 жасқа толатын туған күнімен құттықтаймыз!

Парасаттың тұнығынан нәр алған,
Дана болу, ана болу бар арман.
Әлемдегі барлық ізгі тіршілік,
Аналардың қадамынан жаралған.

Қандай тәтті қуанышты мерей күн,
Құтты болсын туған күнің, ор ойлым.
Біздің асқар шыңымызсыз, әрине,
Анасысың ақыл айтар сен елдің, – дей отырып, асыл жар, аяулы ана, отбасының берекесі болған Лилия анамызға өмірдегі бар жақсылықты тілейміз. Бүгінде ұялы бәйтерекке айналған шаңырағымыздың шаттығы өзіңіз деп білеміз. Серубай әкеміз екеуі өмірге 12 бала әкеліп, азамат етіп өсірді. Бүгінде 33 немере мен 1 шөбереңізге әкелік-әжелік ықыластарыңызды көрсеткен сіздерден бақытты жан жоқ шығар.

Бақыттысың, ардақтысың, анашым,
Тапты бәрі бір бойыңнан жарасым.
Ұрпағыңның қуанышын қызықтап,
Сенімдіміз, жүз жасқа да барасың.

Деніңіз сау, өмірдегі бар жақсылық жолдас болсын.

ТІЛЕК БІЛДІРУШІЛЕР: балалары, келіндері, күйеубалалары, немере-шөбересі.



Кішкентай жиеніміз ӘСЕРДІ туған күнімен құттықтаймыз!

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деп Мұхтар Әуезов айтқандай, еліңнің де, әкең – Әділбек, шешең – Сәбираның барлық күткен үмітінен шығып, халқыңның қамын жейтін азамат бол, – деп тілейміз.

Талықпастан қиялдарға қақ қанат,
Әрбір басқан қадамыңды
сәт санап.
Желбіресін сенің туың биіктен,
Жігіт деген сәйкес келіп атқа нақ.

Иә, солай, мықты болсын саулығың,
Саған айтар тәтті тілек бар бүгін.
Қадірлейді сені барлық қауым ел,
Көтере алсаң қайсарлықпен ар жүгін.

Ұқыпты бол, тер төк ғылым жолында,
Ата-анаң бар ешнәрседен қорынба.
Елім деген жігіт болам десең сен,
Бар міндетті нәтижелі орында.

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: Нұргүл, Елжас-Қасира, Елшат.